СБОР ДОКУМЕНТОВ НАЧИНАЕТСЯ С ПРАВИЛЬНОГО ОФОРМЛЕНИЯ

В газете» АРАЙ » №41 от 15.10.2020 года вышла статья, информирующая о работе отдела формирования национального архивного фонда, проверки архивов и документации.

ТАРИХИ ҚАЛАШЫҚТЫҢ ТУРИСТ ТАРТУҒА ӘЛЕУЕТІ ЗОР 3-бет

АҒРАРЛЫ АУДАНДА АТҚАРЫЛҒАН ШАРУА КӨП 4-5-бет

МЕНІҢ ӘКЕМ – ЖЕҢІС СОЛДАТЫ! 7-бет

МЕРКІДЕГІ СӘН МЕРЕКЕСІ 8-бет

Газет 2005 жылдың 13 қазанынан бастап шығады

Aulieata media

АРАЙ

Jastar gazeti

№41 (780)

15 қазан, бейсенбі 2020 жыл

Біз жанбасақ лапылдап, Аспан қалай ашылмақ...

Салаға серпін

Құжат жинау дұрыс рәсімдеуден басталады

Әрбір құжат құндылығына қарай тарихтың бір бөлшегі саналады. Архив – оны сақтап болашаққа жеткізетін алтын көпір. Техника мен ғылым ғарыштық жылдамдықпен дамыған қоғамда ертеден қалыптасқан «шаң басқан архив» ұғымын «электрондық архив», «жүйелік қойма», «электронды құжат айналымы» сынды тіркестер алмастыруда.

Архив саласының жұмысын үйлестіріп, ұйымдастыруда уақыт талабына сай туындаған өзгерістер мен толықтырулар жемісті жүзеге асырылып, салаға тың серпін берді. Бүгінгі таңда мемлекеттік архив қызметкерлері мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттарды заң тәртібіне сәйкес жүйеленіп, сақталуына барынша ықпал жасауда. Архивтің міндеттерін, функцияларын, толықтыру көздерін және қабылданатын құжаттар құрамын айқындайтын ережеге сәйкес жұмыс жүргізілуде. Бұл ережелерді ведомстволық архивтер жұмыс тәжірибесіне ендіруде мемлекеттік архивтің Ұлттық архив қорын қалыптастыру, архивтерді және құжаттаманы тексеру бөлімінің қызметкерлері әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді. Бұл келешекте Ұлттық архив қорының айнымас қазынасына айналады. Облыстың мемлекеттік архивінің толықтыру көзі болып табылатын 151 мекемеге аталмыш бөлімнің қызметкерлері әдістемелік кеңес беріп және көмек көрсетіп, тығыз жұмыс жүргізуде.

Ұлттық архив қорының құжаттарын әр мекеме ретке келтірілген түрде беруі қажет. Архив қорының құжаттарын, ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларына сәйкес архивтерді өткізетін заңды тұлғалардың меншікті қаражаты есебінен жүргізіледі.

Құжаттардың тұрақты және жеке құрам бойынша өңделмеуі Заңға қайшы келеді. Архив ісі жөніндегі заңдарды бұзған кезде кінәлі болған жеке және заңды тұлғалар Заңға сәйкес жауапты болады. Келтірілген зиян да заңға сәйкес өтелуге мінд

Әр мекеменің комисс отырысында өңдеу нәтижесінде қ тұрақты және жеке құрам бо істер тізімдемесі, сақтауға жат құжаттарды жоюға бөлу актісі сар облыс әкімдігінің мәдениет, архив құжаттама басқармасының са тексеру комиссиясына ұсын Сараптау-тексеру комиссиясы бекі тұрақты сақталатын құжаттар об архивке өткізіледі. Жеке құрам б құжаттар мекеменің өзінде сақ ал сақтауға жатпайтын барлық қ жойылады.

Егер де заңды тұлғалар ұйымдастырылған кезде Ұлтты